

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№105 (9167)

1953

жылғы

27

май

Сәрсенбі

Шығуына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## Кәзіргі халықаралық жағдай туралы

Соңғы айларда барлық елдерде халықаралық талас мәселелерді шешу мақсатымен қолданылған шараларға зор көңіл қойғандық көрініс отыр. Кәзіргі жағдайда мұның өзі түсінікті де.

Халықаралық қалың топтарда халықаралық қатынастағы шиеленіскендікті бәсеңдетуге ұмтылған ниеттің күшейгендігін ешкім бекер дей алмайды. Талас мәселелерді шешу жолындағы әрбір ілгері басқан қадам соғыс шауыпін бәсеңдетер еді, халықтарды күйзелтпін отырған жанталаса қарулануды тоқтатуға көмектесер еді, саяси миллион адамдардың жағдайын жеңілдетер еді. Ал, мұның керісінше, халықаралық жағдайдағы шиеленіскендікті сақтау соғыс әзірліктерін онан сайын күшейткендік, соғыс шығындарын, ауырталығы еңалдымен халық бұқарасына түсетін салықтарды онан әрі көбейткендік болады.

Бұл жағдайда қандай елдің болса да үкметінің халықаралық майдандағы әрбір жаңа қадам үкмет топтарында ғана емес, ең қалың жұртшылық топтарында да мұқыт зерттеліп отырады.

Талас немесе шешілмеген халықаралық мәселелерді мүдделі елдердің өзара келісуі негізінде ССРО-ның шешуге әзір екендігі туралы Совет Үкметі басшыларының жақын арада жасаған мәлімдемелері қандай көңіл қойып, тілектестікпен қарсы алынғаны жалпы жұртқа белгілі. Бұл мәлімдемелер халықтардың пісуі жеткен халықаралық проблемаларды шешу мүмкіншілігіне сенімін күшейтті, өйткені, Совет Үкметінің мәлімдемелері әрдайым оның шын ниетімен бір жерден шығып отыратынын халықтар біледі.

Бейбітшілікті сақтауға мүдделі адамдар президент Эйзенхауэрдің 16 апрельдегі сөзіндегі кейбір мәлімдемелерін де бейбітшіліктің нышаны деп танығаны мәлім. Ол өзінің бұл сөзінде «барлық басқа елдердің қарулы күрметтеу ниеті болған күнде, талас мәселелердің бірде-бірі, үлкен болсын немесе кіші болсын, шешілмейтін мәселе болып табылмайтынын» және «Құрама Штаттар әділетті үлесті өз мойнына алуға әзір» екенін айтты. Дегенмен, Эйзенхауэрдің сол сөзінде бұл мәлімдемелер

нығайту мүдделерімен ұштастыруға бағытталған саясатты Совет Одағының және басқа бейбітшілік халықтардың түсінігендікпен қолдайтындығы күмәнсіз.

Черчилльдің ССРО-ның хауіпсіздігін Батыс Еуропаның хауіпсіздігімен ұштастыру туралы ережесінің онан сайын маңызды болатын себебі—бұл мәселені алға қойғанда Британияның премьер-министрі Велликобритания мен Совет Одағы арасындағы қарым-қатынасты ғана емес, бейбітшілікті сақтаудың және нығайтудың бүкіл проблемасын қозғайды.

Шешілуге тиісті проблемалардың аса күрделілігі—кәзіргі халықаралық жағдайдың айрықша сипаты. Мұның өзі барлық талас және шешілмеген проблемаларды біржолы талқылап, біржолы шешу әрекетін сәтсіздікке ұшырайды деп есептейтіндерге тиісінше ұғынғандықпен қарауды міндеттейді. Кореядағы соғыс туралы мәселе немесе Германия туралы мәселе сыяқты толғағы піскен мәселелерді шешу үшін ілгерілеу кәзіргі халықаралық жағдайдағы шиеленіскендікті бәсеңдетуге, басқа проблемаларды шешудің негізін әзірлеуге көмектеседі. «Егер барлық мәселелер шешілмесе немесе шешіліп болғанға дейін, Советтік Россиямен екі арада ешбір мәселені шешуге болмайды деп есептеуге қате болар еді. Екі немесе үш қыйын мәселені реттеу қандай да болса бейбітшілік ел үшін табыс болар еді» дегенде Черчилль халықаралық проблемаларды шешуге осындай көзқарасты есте тұтқан болса керек.

Аса маңызды халықаралық мәселелердің бірі, барлық елдердің халықтары бейбітшілікпен шешілуіне мүдделі болып отырған мәселе—Корея мәселесі.

Қытай Халық Республикасы мен Корея Халық-Демократиялық Республикасының Совет Одағы қостаған дипломатиялық инициативасы Кореяда уақытша бітім жасап, соғысты тоқтатуға нақтылы мүмкіншіліктер туғызғаны жалпы жұртқа мәлім.

Жасалған келісім негізінде Кореяда тұру және жаралы соғыс тұтқындарын ауыстыру кәзіргі өзінде жүзеге асырылды. 26

сәуірдің шын мәнісінде шешудің аса маңызды принциптері белгіленді.

Жоғарыда көрсетілген халықаралық документтердің тарихи маңызы сол—бұл документтерде соғыс кезінде қол жеткен және соғыс аяқталысымен іспатталған саясаттағы ынтымақ және Германия мәселесі бойынша батыс мемлекеттері мен ССРО арасындағы нақтылы келіскендік көрсетілді. Бұл мағынасында алғанда, Германияны бейбітшілік және демократиялық мемлекет ретінде қайтадан біріктіруге көмектесу туралы жоғарыда көрсетілген келісімдер «Россияның хауіпсіздігін Батыс Еуропаның бостандығымен және хауіпсіздігімен ұштастыру» ісіндегі едәуір неғұрлым маңызды табыс болып табылады.

Премьер-министрдің сөзінен кейін Велликобританияның халықаралық қатынас саласында қолданған шаралары ұлы мемлекеттер қол қойған келісімдердің негізгі принциптеріне қаншама үйлесімділігіне және олар арасындағы жаңа келісімдер халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігін нығайтуға қаншама көмектесе алатындығына біз кәзірде де көңіл бөлмей отыра алмаймыз.

Алайда, батыс мемлекеттерінің жасалған келісімдерден біржақтылықпен бастарту саясаты талас және шешілмеген мәселелерді шешуге бөгет болып отырғанын соңғы жылдардың тәжірибесі дәлелдейді. Ұлы мемлекеттердің аса маңызды халықаралық мәселелер жөніндегі келісімдері жүзеге асырылған болса, кәзіргі бүкіл халықаралық жағдай мүлде басқаша болған болар еді, онда кәзіргідей қысаңшылық және шиеленісушілік болмаған болар еді,—оған күмәндануға болмайды.

Бұған байланысты Черчилльдің неге екені белгісіз, 1925 жылғы атышулы Локарно договорын еске түсіруді қолайлы деп тапқанын көрсетіп өту қажет. Оның айтуынша, бұл договор: егер Германия Францияға шабуыл жасаса—онда Англия француздарға болысады, ал, егер Франция Германияға шабуыл жасаса—онда Англия немістерге болысады деген «қарапайым ережеге» негізделді. Мұнымен бірге, Черчилль Локарно договорымен ол кезде агрессия жолмен жасалған және Германияны екіге бөлшектеуге, Батыс Германияны реваншизмнің ошағына айналдыруға жол ашатын басқа келісімдердің рухы мен әрпі жолына құрбандық етіледі деген қорытынды тұмай ма?

Черчилльдің герман проблемасының шиеленісуіне советтік саясат бөгет болып отыр дейтін мүдде теріс бағындауып біз бір шетке қарай қоя тұрамыз. Германияда туған шын жағдайдың себептерін Совет Одағының беделді өкілдері талай рет түсіндірді. Бұл жерде оны қайталап жатудың қажеті жоқ. Шығыс Германиядағы жағдайды теріс сипаттау үшін Черчилльдің әдейі іріктен алған едәуір қатаң сөздері де біз бір шетке қоямыз. Біз Батыс Германиядағы істің жайын сипаттау үшін одағай ғана емес, анағұрлым шындық сөздерді таба аламыз едік, бірақ, кәзір іс өзара егесуде емес.

Германияны екіге бөлшектеу Еуропаның орталығында соғыс хауіпін ошағын қайта жасағандық болатыны жұрттың бәріне айқын болуға тиіс. Герман халқы өзінің мұнан бір ғасырдай уақыт бұрын көп күшпен және көп құрбандықпен қолы жеткен бірлігінен айырылуға көнбейді. Сондықтан Германия жөніндегі негізгі міндет—герман мемлекетінің кәзіргі бөлшектелуін жою, Германиямен бітім договорын, ұлы мемлекеттердің Потсдам келісімінің негізгі принциптеріне сәйкес біртұтас, демократиялық, бейбітшілік Германияның құрылуын қамтамасыз ететін договорды әзірлеу және жасау. Герман агрессиясынан талай рет азап шеккен елдер бұл істе еңалдымен герман милитаризмінің қайта тууына жол бермеуді көздеуге тиіс. Мұнымен бірге, неміс халқына Германияның бейбіт өнеркәсібін өркендету үшін, оның өндірістік-техникалық дәрежесіне сәйкес дүние жүзінің экономикалық тұрмысына қатысуы үшін, оның бай ұлттық мәдениетінің онан әрі өркендетуі үшін барлық жағдайдың туғызылуы қамтамасыз етілуіне тиіс.

Бұл жөнінде жаңа бітім договоры, ұлы

Бұл жөнінде жаңа бітім договоры, ұлы

чилль Қытай туралы мәселені қозғамаған болса, лейбористердің қауымдар палатасындағы басшысы Эттли ұлы Қытай Халық Республикасының заңды праволары мен мүдделерін елемеге болмайтынын еске алды.

«Қытай,—деді Эттли,—Хауіпсіздік Советінен өзіне тиесілі праволы орнын алуға тиіс. Барлық жағынан қарағанда, ол едәуір қуатты мемлекет болып келеді, оның Үлкен бестіктің мүшелерінің бірі болуға правосы бар».

Бұл мәлімдеме, әрине, Эттлидің коммунизмге тілектестігінен туып отырған жоқ, оны коммунизмге тілектес деп Маккарти күмәнданбаса, басқа ешкім күмәнданбайды. Бұл мәлімдеме, саяси мүдделердің негізі болып табылатын Англияның нақтылы экономикалық мүдделерінен туып отыр. Англияның Қытаймен қарым-қатынасты реттеуге не себепті мүдделі екенін Эттли әбден орынды түсіндіреді. Ол Англияның АҚШ-пен сауданы ұлғайту үмітінің мықтап азайғанын, ал, АҚШ-тың «кәмегі» сауданың қысқартылуынан көріп отырған зыяның орнын толтыра алмайтынын көрсетті. «Көмек емес, сауда керек»—Эттлидің қорғайтын позициясы осы. Англияның, тек оның ғана емес, басқа елдердің де күнбе-күнгі мүдделері тұрғысынан қарағанда, бұл позицияны ақыға қонымды деп таңымасқа болмайды. Эттли мұхит ар жағындағы одақтастарды қатты айыптайды. «Соғыс шараларына мүлде қатыс жоқ товарлардың өзімен де Қытаймен сауда жасамауға бізді үнемі итермелеп келеді, қандай да болса басқа ел сыяқты, біздер де осы Қытай мәселесінің реттелуіне барынша мүдделі болып отырмыз».

Екінші бір көрнекті лейборист, лейбористік партия ішіндегі оппозицияны бастаушы Бивен жақын арада жасаған мәлімдемелерінде Қытаймен қарым-қатынас проблемасын тез арада шешу керек екенін оңаң да бетер атап айтты.

Өзінің коммунистерге қарсылық сезімінде Черчилль, отар және жартылай отар елдер халықтарының барлық ұлттық-азаттық қозғалыстарын «Москваың әлегі» деп танытты. Батыстың басқа кейбір мем-

Черчилльдің өңізген ұсынысының маңыздылығын атап көрсетпеске болмайды. Дүние жүзінің көп елдерінде бұл ұсынысты қостап, қызу үн қосқандық оның маңыздылығын дәлелдейді.

Сонымен, Черчилльдің сөзінде, ең болмағанда кейбір негізгі проблемаларды шешуге, сөйтіп, халықаралық жағдайды шиеленісуін бәсеңдетуге шақырудың кәзіргі жағдайда зор маңызы бар.

Британияның премьер-министрінің сөзі жайында 13 майда АҚШ-тың мемлекеттік департаментінің мәлімдемесі жарияланды. Президент Эйзенхауэр өзінің бұл мәлімдемесінің текстің мақұлдағанын хабарлады.

Мемлекеттік департаменттің мәлімдемесінде Черчилль ұсынған мемлекеттік қайраткерлердің тар шеңберлі кеңесін ұйымдастыру мүмкіншілігі бекер делінбейді. Алайда, неге екені белгісіз, біржақтылықпен Совет Одағына қойылатын алғы шарттар туралы әйгілі идея тағы да алға тартылады. Паньчыньюнның келіссөздердің табысты болуы үшін және Австрия договоры туралы мәселені шешу үшін, ССРО тағы да бір нәрсе істеуге тиісті болады екен. Ал, шындығында, бұл екі мәселенің екеуінде де өңіміне Совет Одағында емес, мұның бірде-біреуіне әлі өздерінің «әділетті үлесін» қоспаған Құрама Штаттар мен Англияда болып отырғандығы өткен оқиғалардың бәрінен кейін мүлде айқын.

Баспасөздің пікірлерінен, сол сыяқты, АҚШ-тың мемлекеттік департаментінің мәлімдемесінен көрініп отырғандай, Англияның саяси партияларының көрнекті өкілдері қостаған Черчилльдің позициясы Құрама Штаттардың белгілі жауапты топтарында «ұстамдылықпен» немесе тіпті «салқындықпен» қарсы алынды. Англия мен АҚШ-тың мемлекеттік қайраткерлерінің көзқарастары арасындағы кейбір алаңдық бұл елдер арасындағы барған сайын айқындалып отырған экономикалық қайшылықтардан тууы мүмкін, мұның өзі Құрама Штаттардың Батыс Еуропа елдерінің саудасына шек қоятын қатаң саясат жүргізуіне едәуір дәрежеде байланысты.

ССРО-ны алатын болсақ, совет жұртшылығының пікірі Черчилльдің жоғарыда ай-



дің тиімді маңызын жоққа шығаратын басқа сөздері де болды. Кәзір Эйзенхауэрдің 20 майдағы жаңа сөзінде бұл бейбітшілік нышанының өзі де қалмағанын айту қажет. Ал, оның мұны өзінің істерімен тынақтамағаны тіпті сөз болып отырған жоқ.

Великобританияның премьер-министрі Черчилльдің жақын арада қауымдар палатасында сөйлеген, халықаралық тұрмыстың бірқатар көкейтесті мәселелерін қозғаған сөзі, сол сыяқты, оның бұл сөзі бойынша болған айтыс Англияның өзінде ғана емес, басқа елдерде де жұртшылықтың назарын аударғаны әбден түсінікті.

Британияның премьер-министрі көп мәселелерде АҚШ үкметінің позициясын қостады. Алайда, оның сөзінде кейбір бірінші дәрежелі мәселелер жөнінде Великобританияның позициясы мен Құрама Штаттардың позициясы арасында болып отырған айырмашылық та көрінді.

Черчилль өзінің сөзінің едәуір бөлегін Совет Одағымен қарым-қатынас мәселесіне арнады. ССРО-да жұртшылық пікірі оның бұл жөнінде айтқандарының бәрін бірдей сынамайынша және елеулі қарсылықсыз қабылдай алмайды. Бірақ, кәзір істің маңызы ең алдымен Великобританияның премьер-министрімен екі арадағы пікір алалығын көрсетуде емес. Халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігінің мүдделері үшін халықаралық талас мәселелерді шешуге көмектесе алатын жағдайларды баса көрсету онан маңыздырақ.

Черчилльдің сөзінде ағылшын халқының бейбітшілікке ұмтылуын көрсететін және кәзіргі халықаралық жағдайдың кейбір елеулі кезеңдеріне баға беруге Великобритания премьер-министрінің нақтылықпен қарайтынын дәлелдейтін мәлімдемелері бар. Бейбітшілікті сақтауға мүдделі қалың жұртшылық топтары бұл мәлімдемелерді қоспа қарсы алды. Мұнымен бірге, әсіресе, Америка Құрама Штаттарында, халықаралық қатынастағы кәзіргі шиеленіскендік жағдайды сақтауға ерекше мүдделі топтар Черчилльдің бұл мәлімдемелеріне қатты күйінуде.

Черчилльдің: «Россияның хауіпсіздігін Батыс Еуропаның бостандығымен және хауіпсіздігімен ұштастырудың аса елеулі проблемасын шешуге болмайды дегенге мен сенбеймін» деген мәлімдемесі жұртшылықтың назарын аударды. Пісуі жеткен халықаралық проблемаларды шешуге шын ниетімен ұжымдатын, әсіресе, кәзіргі жағдайда халықтарды ұшы-қыйыры жоқ күшейіске ұшыратушы соғысты жек көретін адамдар бұл мәлімдемеге тілектестікпен үн қоспай отыра алмайды.

Біздің елімізде Черчилльдің бұл мәлімдемесі—кәзіргі халықаралық жағдайдағы мезгілді қадам ретінде жұрттың назарын аударды.

Совет Одағы мен Батыс Еуропа елдерінің «хауіпсіздігін ұштастыру» мүмкіншілігін айтқанда премьер-министр, әрине, өз елінің мүдделерін көздейді. Мұнымен бірге, Англияның ұлттық мүдделерін бейбітшілікті сақтау және халықаралық ынтымақты

тұтқындарын еліне қайтару жөніндегі келіссөздер қайта басталды. Қытай-корей жағының ұсыныстары, оның ішінде 7 майда жасаған соңғы ұсынысы, барлық әділетті адамдарға айқын көрініп отырғанындай, уақытша бітім жасау, демек, Кореядағы соғысты тоқтату жолындағы бұл ақырғы мәселені іс жүзінде шешуге қажетті негіз болады.

Черчилль корей-қытай жағының ұсыныстарын сабырлықпен және тілектестікпен қарауды қостады. Ол: «бұл ұсыныстар келісуге негіз бола алмайды деп есептеуге кәзір маған мәлім ешқандай дәлел жоқ» деді.

Черчилльдің бұл мәлімдемесі, сол сыяқты, Паньмыньчжоньда келіссөздерге бөгет жасап отырған «БҰҰ командованиеінің» өкілдерін қатты сынаған қауымдар палатасының бірқатар депутаттарының сөздері ағылшын қоғамының барлық топтарында Корея мәселесін шешудің ұзаққа созылуына наразылықтың күшейгенін көрсетті. Пхеньянды және Кореяның басқа қалалары мен селоларын, сол сыяқты, Қытайдың Аньдун қаласын және басқа кейбір қалаларын онан әрі айуандықпен бомбалау, сондай-ақ америка генералы Гаррисонның Паньмыньчжоньдағы келіссөздерді аяқсыз қалдыруға бағытталған позициясы Англияда да, басқа елдерде де орынды наразылық және қарсылық турғызуда.

Жақын арада Индияның халық палатасында сөйлеген сөзінде премьер-министр Неру Гаррисонның позициясы өткен жылдың аяғында БҰҰ -да Кореядағы соғыс тұтқындары туралы мәселе бойынша қабылданған қарарға да көріне қайшы келетінін көрсетті. Неру тұрарсыман, корей-қытай жағының ұсыныстары «келіссөздер жүргізу үшін негіз болуға тиіс және біз проблеманың шешілуіне сенеміз» деді. Солай бола тұрса да, Гаррисонның позициясының салдарынан Паньмыньчжоньдағы келіссөздер тағы да кідірді.

Мұндай жағдайда қауымдар палатасында лейбористердің белгілі басшысы Эттидің Паньмыньчжоньдағы келіссөздердің барысына белгілі наразылық білдіруі әбден түсінікті.

Черчилльдің сөзінде Германия проблемасы ерекше орын алды. Ол мұны —«Еуропаның басым проблемасы» деп орынды атады. Бірақ, бұлай болғанда, Черчилльдің Германия проблемасы жөніндегі пікірлеріне оның сөзінде ерекше маңыз беріледі. Алайда, Черчилльдің бұл мәселе жөніндегі пікірлерін тіпті де жоғарыда көрсетілген «басым» халықаралық проблемаларды шешуге шын ниетімен ұмтылғандықтың белгісі деп тануға болмайды.

Ең алдымен Черчилльдің Ялта декларациясын және Потсдам қарарларын еске салудың өзін қажет деп ташпағандығы жұрттың назарын аударды. Бұл декларация мен қарарларды әзірлеуге Черчилльдің өзі қатысты және онда Германияны біртұтас, бейбітшіл, демократиялық мемлекет ретінде қайта құру негізінде Германия мә-

сияныл герман милитаризміне еркіндік бергенін айтып кетті. Германияның батыстағы қыймылына тежеу жасап, бұл система оған шығыста қыймыл жасауға еркіндік берді, герман агрессиясын ССРО-ға қарай бағыттады. Локарно саясаты дүниежүзілік екінші соғысты әзірлеген елеулі маңызы бар факторлардың бірі болғаны мәлім.

Германияда милитаристік, кекшіл элементтердің қыймылдарына еркіндік беріліп отырғанда, Германияның бейбітшілік негіз де әркендеуін қамтамасыз ететін тыңғылықты шаралар жүргізілмей отырғанда, герман милитаризмі тез арада қайта туатынын, ешқандай формальді кепілдіктер мен міндеттемелер герман мемлекетінің көршілеріне олардың қайтадан герман агрессиясының хауіпін ұшырамауына сенім бере алмайтындығын тарихи тәжірибе көрсетіп келеді.

Еуропаның басқа елдерінің, ең алдымен, Германияның көршілері — Францияның, Бельгияның, Голландияның, Польшаның, Чехословакияның және басқа елдердің хауіпсіздігін қамтамасыз ету мүдделерін сөз қылмай, Великобританияның өзінің хауіпсіздігі мүдделерінің тұрғысынан қарағанда, оның өзінде де Локарно жөніндегі жоспар негізсіз болып шығады. Өйткені, Локарно жоспарына қайтып оралу қайталамалы және өткінісі халықаралық әдіс-айлақтар жасауға, бір елдердің басқа елдерге қарсы топтарын құруға кең өріс ашар еді, мұның өзі халықаралық қатынастағы шиеленіскендіктің бәсеңдеуін емес, қайта онан әрі шиеленісуіне сөзсіз әкеп соғар еді.

Шынында да Локарно идеясын кәзіргі Германия жөнінде қалай жүзеге асыруға болады? Локарно идеясын сөз қылғанда, Черчилль Германияның бірлігін қалпына келтіру туралы бірде-бір сөз айтпады. Германияның бірлігін қалпына келтірудің Германияның өзі үшін ғана емес, Еуропада және бүкіл дүние жүзінде хауіпсіздікті қамтамасыз ету ісі үшін де шешуші маңызы бар.

Кәзіргі уақытта Бонн және Париж договорларын жасау жөнінде жүргізіліп жатқан сепараттық әрекеттерді байқатып, ол Англия үкметінің саясатын Германияның екіге бөлектелуін баянды етіп қалдыруға бағыт береді. Ол-ол ма, Черчилльдің сөзінен оның Германияның екіге бөлектелуін болған іс деп есептеп қана қоймай, көнуге болатын және көнуді керек қылатын іс деп таныйтынын көрінеді.

«Ұлы мәртебелі король үкметінің саясаты, —деді Черчилль,—Батыс Германиямен келісімдеріміздің рухы мен әрпін мейлінше адалдықпен орындауды көздейді». «Біз, —деп көрсетті премьер-министр, —Батыс Германия жөнінде алған өзіміздің міндеттемелерімізді орындаудан ешқандай ретте де бастартпақ емеспіз». Бұл мәлімдемелерден: біртұтас, бейбітшіл демократиялық Германия мемлекетін құру мақсатымен ұлы мемлекеттер арасында жасалған келісімдердің рухы мен әрпін сепарат-

ұтты кіріптарлыққа түсіруге бағытталған версаль системасының қателерінен аулақ болуға тиіс. Версаль системасының авторлары Германияның милитаризмдеріне дулына шын мәнінде жол бермеуден гөрі, дүниежүзілік рыноктерде бәсекеге түсетін ел ретінде, Германияның экономикасының қалпына келтірілуіне жол бермеуді көбірек ойластырғаны жұрттың бәрине айқын.

Германияны біріктіру және онымен бітім договорын жасау сыяқты аса маңызды мәселелерге оқпай отып, Англия үкметінің Батыс Германия жөніндегі өзінің соңғы сепараттық міндеттемелерін бұл-жытпай орындайтындығын көрсетіп, Черчилль оның сөзін кәзіргі дүниедегі алауыздықтарды жайғастыруға шынмен ұмтылғандық деп танығысы келген адамдарды да таңдандырды.

Германияның жаңа агрессиясына жол бермеу мақсатымен 1942 жылы Лондонда жасалған өзара көмек туралы ағылшын-совет договорының бар екенін Черчилльдің мүлде еске түсірмеуі жұрттың назарын аударды. Ал, бұл договор ССРО-ның, сол сыяқты, Англияның хауіпсіздігін нығайту үшін жасалған болатын және герман мәселесі жөніндегі негізгі халықаралық документтерге, оның ішінде Потсдам келісіміне де толық үйлеседі.

Өзінің сөзінде Черчилль Австрия мәселесін қозғап, Австриямен мемлекеттік договор жасау да кәзіргі халықаралық жағдайдағы шиеленіскендікті бәсеңдетуге көмектесер еді дегенді айтты. Оған байланысты Австрия договоры туралы мәселені шешудің ұзаққа созылуына АҚШ-тың, Великобританияның және Францияның үкметтері тікелей жауапты екенін атап көрсету қажет, өйткені, олар едәуір жалтақтыққа жол беріп қана қоймай, оның үстіне, бұрын төрт мемлекет өзара келіскен позициялардан да тікелей шегінді.

Үш батыс мемлекеті, ұзақ талқылаудан кейін төрт мемлекет арасында толығынан дерлік келісілген Австриямен мемлекеттік договордың текстінен де бастартты. Олар договордың бұл келісілген текстіне өздерінің, ССРО-ның қатынасымен әзірленген, Совет Одағының праволарын, сол сыяқты, Австрия халқының демократиялық праволарын өрескел аяқасты ететін, «қысқартылған договор» дейтінді қарсы қойды.

Мұның бәрі, Австриямен мемлекеттік договор жасау жолындағы кедергілерді жою мүмкіншілігі нақ кімге байланысты болып отырғанын көрсетеді.

Қауымдар палатасындағы айтыс кезінде бірсыпыра депутаттар Британия премьер-министрінің бүкіл баяндамасында Қытай туралы ешнәрсе айтылмауына назар аударды, мұндай ескерту орынды болды.

Қытай халқының әлеуметтік прогрестің кең жолына шығуы бүкіл халықаралық жағдайда зор өзгеріс туғызды. Британия премьер-министрінің оған назар аудармауы, әрине, мүмкін емес. Егер бұл жолы Чер-

кеттік қайраткерлерінен қалыспайтын болар. Алайда, Черчилль, оның сөзінен көрініп отырғанындай, бұл сенімге ерік беріп жіберген жоқ. Басқасын айтпағанда, оның мына мәлімдемесі осыны дәлелдейді: «Менің пікірімше, —мен өз пікірімді білдіруге батылдық етемін, —Вьетмин әскерлерінің немесе олардың фуражир отрядтарының кенет Сиам шекарасына қарай алға басуы біздерді, әңгіме Советтер айдан салған әрекет туралы болып отыр деп қорықтыңды шығаруға ұмытылдырмауға тиіс екенін айтуға тиістімін».

Батыстың мемлекеттік қайраткерлері Азияда немесе жер жүзінің қандай да болса басқа бөлегінде барған сайын күшейген ұлттық және ұлттық-азаттық қозғалыстарға баға бергенде, шындық фактілермен неғұрлым көп есептесе, «Батыс» пен «Шығыс»тың өзара ұғынысуына сол-ғұрлым зор үміт, орынсыз асқынудан және қантөгістен аулақ болуға сол-ғұрлым көп мүмкіншілік болады.

Буржуазиялық мемлекеттердің басқа кейбір басшыларындай болмай, Черчилль халықаралық қатынастағы алауыздықтарды бейбітшілікпен шешуге тілек білдіретін жалпылама декларациямен қанағаттанбағанын көрсету қажет. Ол халықаралық жағдайдың пісуі жеткен мәселелерін қараудың әдістері туралы сындарлы ұсыныстар жасады.

Черчилль «көп кешіктірмей негізгі мемлекеттер арасында ең жоғарғы топтарда кеңес өткізілуге тиіс» екенін, «кеңеске мемлекеттер мен адамдар, мүмкін болғанына аз қатысуға тиіс, бұл кездесу белгілі дәрежеде ресми емес, онан да зор дәрежеде жабық және оңаша болуға тиіс» екенін білдірді.

Өзінің сөзінен көрініп отырғанындай, Черчилль Батыстың басқа кейбір мемлекеттік қайраткерлері сыяқты емес, ол өзінің кеңес шақыру туралы ұсынысын белгілі бір жақ үшін міндетті қандай да болса алғы шарттармен байланыстырмайды.

Халықаралық қатынастардағы көп жылғы мол тәжірибе Черчилльді бейбіт қатынас жағдайында бір жақ екінші жаққа, оның үстіне, Советтік Социалистік Республикалар Одағы сыяқты жаққа, халықаралық талас мәселелер бойынша келісім жасаудың алғы шарттарын зорлықпен қабылдата алады дейтін аласушылықтан сақтайтын болса керек. Халықаралық практикадағы жалпы жұртқа мәлім жағдайда келіссөздер жүргізудің алғы шарттарын не соғыс кезінде жеңген жақтың жеңілген жаққа зорлықпен қабылдануына, немесе күшті ара салмағы тең болмай күшті жақ әлсіз жақтың есебінен пайда таңқысы және бұл елді шамасы келмейтін соғыспен қорқытып, оған өзі көрсеткен «бітім» шарттарын зорлап өткізгісі келетін кезде қабылдануға болатынын Черчилльдің ескермеуі мүмкін емес.

Сіра, басшы мемлекеттік қайраткерлердің жақын арада тікелей араласып кездесуінің тәжірибесіне сүйенетін Уинстон

тылған бірсыпыра нақтылы ережелеріне қарсылық білдірумен қатар, оның сөзіндегі кейбір сындарлы ұсыныстарды көңіл бөлгендіктен қарсы алды. Бұл ұсыныстар Черчилль бастаған ағылшын үкметінің шын ниетін қандай дәрежеде білдіретінін келешек көрсетеді.

Совет адамдары және бейбітшілік ісін қорғаушы халықаралық топтар арасында бұл жөнінде сақтық сезімін туғызбай қоймайтын белгілер кәзірдің өзінде көріне бастағанын мойындамаққа болмайды. Әңгіме үш мемлекет—АҚШ, Англия және Франция үкметтері басшыларының ұйғарылған кездесуі туралы болып отыр. Олар ұлы мемлекеттердің келіссөздерін жүргізуге мүмкіндік болған күнде өздерінің ортақ бағытын немесе тіпті келісілген позициясын белгілеу үшін кездеседі-мыс. Егер бұл шыншында осылай болса, мұның өзі батыс мемлекеттерінің ССРО есебінен өзара сөз байласу бағытын келешекте де жүргізе беру ниетін көрсетеді.

Онымен бірге, бұл Черчилльдің «жоғарғы топтарда кеңес» шақыру туралы өзінің ұсынысының әрпінен болмаса да, қайткенде де оның рухынан кәзірдің өзінде шегіне бастағанын көрсетеді, өйткені, мұндай кеңесті, оған ССРО-ның қатысуы туралы сөз болып отырғандықтан, тек оған қатысушы жақтар кеңеске қандай да болса алдын-ала белгіленген талансыз келгенде ғана өткізуге болады. Ал, үш мемлекет басшыларының ұйғарылған кездесуі, Совет Одағына осындай талаптарды қоюды белгілеу мақсатын көздейтін болса керек.

Мұнымен бірге, үш мемлекет басшыларының ұйғарылған алдын-ала кездесуі ескі, өзін ешқандай ақтамаған бағыттың, идеология және әлеуметтік-саяси құрылыс принциптері бойынша мемлекеттерді бір-біріне қарсы қою бағытының жалғасы болып шығады.

Кәзіргі уақытта батыс мемлекеттері тобының жаңадан сөз байласуы халықаралық жағдайдағы шиеленіскендікті бәсеңдетпейтіні былай тұрсын, қайта халықаралық қатынастағы шиеленіскендіктен онан сайын күшеюіне әкеп соғуы мүмкін екені айтпаса да түсінікті.

Жекелеген мемлекеттердің әлеуметтік системалары арасында қаншама айырмашылық бола тұрса да, бұл мемлекеттердің халықтары ортақ мүдделі болып отырған өмірлік-маңызды көп мәселелер бар екені мүлде айқын. Осындай өмірлік-маңызды мәселелер санына, ең алдымен, бейбітшілік және халықтардың сауда-экономикалық және мәдени ынтымағын күшейту мәселесі қосылады.

Мемлекеттер арасында бейбітшілікті және неғұрлым кең көлемдегі экономикалық-мәдени байланысты қамтамасыз етуге бағытталған қандай да болса ұсыныстарды толық байсалдылықпен және адалдықпен қарауға Совет Одағы әрдайым әзір.

(«Правданың» 24 майдағы басмақаласы).



# Берік жемшөп қорын жасау—қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудің кепілі

## Фермаларды кеңінен механикаландырамыз

Мамлют совхозының қоғамдық өнімді мал шаруашылығы барған сайын өркендеп, табысты болып келеді. Малшылар қоғамдық малды жыл сайын жақсы күтімде ұстап, шығынсыз, күйлі өсіруге жетісіп жүр. Олар мал шаруашылығындағы мұндай табыстарға фермалардағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды үздіксіз механикаландыру нәтижесінде не болып отыр.

Совхозда барлық мал қораларында электр жарығы бар, қысқы маусымда малға азық, су механика күшімен қораға өкеліп беріледі. Малды механикалық жолмен суарудың зор маңызы болды. Бұл ең алдымен малшылардың жұмысын жеңілдетті. Қысты күні мал суарудан тоғыз адам босап, басқа жұмыстарға жіберілді. Осы сыяқты, барлық мал қораларында аспалы жол, вагонетқалар бар. Аспалы жол мен вагонетқалар орнату да малшылардың еңбегін көп жеңілдетті, малды қолда бағу ісін жақсартта түсті.

Мал фермаларындағы басқа да күрделі жұмыстарды барған сайын механикаландырып келеміз. Мәселен, екі сауын турінде сыйырлар автоматпен сауылады. Мұның нәтижесінде фермаларда сыйыр сауу, сүт дайындау жұмыстарын табысты жүргізуге жетістік. Сауыншылар екі еменда жұмыс істеуге мүмкіндік алды. Сыйырлар мезгілінде және дұрыс сауылатын, сүтті көп беретін болды. Май айыру жұмыстары бізге механикаландырылған. Фермаларда электр қуатымен жүргізіліп, кеймақ айыратын машина жұмыс істейді.

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде жемшөп дайындау жұмыстарын механикаландырудың маңызы ерекше зор. Осыны еске ала отырып, біз жемшөп дайындау жұмыстарын механикаландыруды ойдағыдай жүзеге асырып келеміз. Совхозда жемшөпті малға турап, ұнтап және буландырып беру ісі кеңінен қолданылып жүр. Жемшөп өңдейтін машиналар мен құрал-жабдықтар электр қуатымен жұмыс істейді. Сүрленген мал азығын жыйнау үшін екі комбайн жабдықталды. Мұның өзі бағалы мал азығы — сүрленген шөпті мезгілінде жыйнап, сапалы дайындауға қолайлы жағдай туғызып жүр. Быйылғы шөп шабу науқаны кезінде мал азығын дайындау жұмыстары түгелдей механикаландырылады.

Мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды кеңінен механикаландырып, қоғамдық мал санын келбетті, оның өнімділігін арттыруда жаңа

## Октябрь ауданындағы жайбарақаттық

Октябрь ауданы— облыстағы шабындықтар мен жайылымдары мол аудандардың бірі. Қолхоздардың көпшілігі Есіл өзенін жаралай орналасқан. Олардың шабындық және жайылым жерлерінің шөбі жылма-жыл бітік өседі. Бір сөзбен айтқанда, ауданда қоғамдық мал шаруашылығы үшін берік жемшөп қорын жасауға мүмкіншілік толық бар. Быйыл ауа райы жыдағыдан ерекше жақсы. Есіл төңірегінде шабындықтар мен жайылымдарда және басқа да жерлерде шөп тез және бітік өсіп жетілуде. Бұл шөп шабу науқанының басталуын жақындата түсіп отыр.

Өткен жылы ауданда шөп шабуға әзірлік нашар жүргізілді, мал азығы жеткіліксіз дайындалды. Шұрайлы шабындықтардың шөбі мезгілімен шабылып алынбай қалған еді. Жемшөптің жеткіліксіз дайындалуы аудан қолхоздарында қоғамдық мал басын оған сайын өсіруге кері әсерін тигізбей отырған жоқ. Жемшөптің мол қорынын болмауы себепті қолхоздарда мал қыстату нашар өткізіліп, мал басының шығынына жол беріліп келеді. Жыл сайын аналық малдан төл аз алынады, алынған төлдің өзі түгел сақталмайды. Міне, осының салдарынан аудан қоғамдық мал басын өсірудің тағайындалған мемлекеттік жоспарын негізгі түліктерден жыл сайын орындай алмай жүр.

Қоғамдық мал басын партияның XIX съезінің қарарларына сәйкес өркендету жемшөптің тұрақты мол қорын жасауға байланысты. Алайда, Октябрь ауданының бірсыпыра қолхоздарында қоғамдық мал шаруашылығына жемшөптің мол қорын жасау үшін жеткілікті қамқорлық жасалмай отыр. Жемшөптің мол дайындалуын оған алдын ала әзірлік жүргізу ішеседі. Бірақ, аудан қолхоздары шөп шабуға нашар әзірленуде. Мұнда, әсіресе, шөп машиналарын жөндеу қарқыны мүлде баяу. Осы жылғы 20 майға дейін 335 ат шөп машинасынан бар болғаны 80 шөп машинасы жөндеді. Мұның басты себебі сол— ауданның көп қолхоздары шөп шабуға әзірлікті шындап қолға алмаған. Мәселен, «Бірлік», Ленин атындағы, «Смычка», Чанав атындағы, «Заря коммунизма» «Пламя» сыяқты малды қолхоздар шөп шабуға әзірлікті төзгісіз кенже қалдырды. Турасын айту керек, бұл қолхоздарда күні осы уақытқа дейін шөп шабуға әзірлік жөнінде мәрдымды ешнәрсе істелген жоқ. Бұларда шөп шабатын, шөп жыйнайтын машиналар және құрал-жабдықтар түгелдей жөндемей тұр.

тінде. Аталған МТС-терде ондаған кен алымды шөп машиналары бар. Олардың көпшілігі күрделі жөндеуден өту керек еді. МТС-тің шөп шабу, жыйнау жөнінде қолхоздармен жасасқан шартты міндеттемелерін толық орындауы техниканы бұл науқанға толық пайдалануға байланысты екені мәлім. Алайда, Коновалов МТС-нің директоры Ларионов, Семиполка МТС-нің директоры Мальченко жолдастар мал азығын дайындау жөніндегі өздерінің жауапкершіліктерін ұмытып, шөп шабуға әзірлікті нашар жүргізіп келеді. МТС-тердегі шөп шабатын, жыйнайтын машиналар әлі күнге дейін жөнделіп болған жоқ. МТС басшылары мұндай машиналарды шөп шабуға тез және сапалы әзірлеуді қамтамасыз етуді мүлде ойламайды.

Қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөпті мол дайындауда шабындықтарды тиімді пайдаланудың маңызы ерекше зор. Бірақ, аудан қолхоздарында шабындықтарды күту ісі тиісті дәрежеде емес. Бірқатар қолхоздарда шабындық жерлер іріктеліп, пішен бригадаларына бөлініп берілмеген. Кейбір қолхоздарда шабындық жерлерге мал жайылып жүр. Мысалы, «Бірлік» қолхозында жағдай дәл осындай. Мұнда шабындықтарды мал жайылымдарынан тіпті айыруға болмайды. Өйткені, бұл қолхозда шабындықтарда шөптің құнарлы өсуіне жеткілікті қамқорлық жасалмаған. Көзіргі уақытта шабындық жерлерге мал бағылып жүр. Осы қолхоздағы Есіл өзені алқабындағы «Сарықамыс» шабындығына күні бүгінге дейін мал жайылады.

Жалғыз бұл емес, шабындықтарды пайдаланудағы несіздік ауданның «Трудовик», «Гигант», «Интернационал», «Дружина» қолхоздарынан да орын алған. Өткен жылы шабындықтар дұрыс пайдаланылмағандықтан бұларда жемшөп жеткіліксіз дайындалып, қоғамдық мал қысты күні азықтан тарығын шыққан еді. Бірақ, бұл қолхоздардың басшылары мұны ұмытып, шабындықтарды пайдалану, оның шөп шығымдылығын арттыру ісін быйыл да бетімен жіберіп отыр. Аталған қолхоздарда шабындықтар іріктеліп алынбаған, оларға мал жаюға жол беріліп жүр.

Енді біраз күндерден кейін шөп шабу науқаны басталады. Қоғамдық мал шаруашылығын құнарлы азықпен қамтамасыз ету мақсаты шөп шабуға жақсы әзірлік жүргізіп, оны барлық жағынан табысты өткізуді талап етеді. Сондықтан Октябрь ауданының басшылары шөп шабуға әзірлікте орын алған отырған кемшіліктері



Москвадағы М. Горький атындағы Совет Одағының көркем академиялық театры В. Ивановтың «Ломоносов» пьесасын қойды. Ойынды қойған ССРО-ның халық артисі В. Н. Ливанов, режиссеры — В. П. Марков, суретшісі — В. Н. Ходасевич. СҮРЕТТЕ: Төртінші актының көрінісі. Михайло Васильевич Ломоносовтың ролінде — ССРО халық артисі В. Н. Ливанов, генерал Иконниковтың ролінде — РСФСР-дың халық артисі В. В. Готовцев.

(СОТА-ның фотохроникасы).

## Ұйымшылдық

Ленин ауданындағы Еңбек орта мектебі жазғы сын мен емтиханды жақсы дайындықпен қарсы алды. Соның нәтижесінде алғашқы емтихандарда оқушылар көңілдегідей бағалар алуда. Мәселен, 10 класс оқушылары Қ. Бимақанов, С. Сейтқалиев және басқа оқушылар қазақ әдебиетінен жазбаша емтиханда «Жамбыл поэзиясындағы Сталиннің образы» деген тақырып бойынша көркем тілмен, әсерлі етіп шығарма жазды. 10 кластағы 28 оқушының 20-ға жуығы емтиханды «4» пен «5» деген бағаға тапсырды.

Мектепте емтихан күндерінде оқушылардың демалыс сағаттарын дұрыс ұйымдастырып, сынға дайындалуы үшін барлық жағдай жасалған. Тиісті пәнінен емтихан, не сын болардың алдында консультациялар ұйымдастырылып тұрады.

Мектептің мұғалімдер коллективі үстіміздегі оқу жылын ұйымшылдықпен, ойдағыдай аяқтауға өздерінің білімдері мен бар күш-жігерін жұмсауда.

## Сыртқы істер министрлері орынбасарларының Австрия доғоворы жөніндегі кеңесін шақыру туралы ұсынысқа Я. А. Маликтің қайтарған жауабы

ЛОНДОН, 25 май. (СОТА). Осы жылғы 11 майда Австрия доғоворы жөніндегі сыртқы істер министрлерінің орынбасарлары кеңесінің бас секретары Пассан Англиядағы ССРО елшілігіне Австрия доғоворы жөніндегі ССРО орынбасарының атына хат жолдады. Осы хатта Пассан ағылшын өкілі Австрия доғоворы жөніндегі төрт мемлекет — ССРО, АҚШ, Англия және Франция — сыртқы істер министрлері орынбасарларының кеңесін 27 майда шақыруды ұсынды деп хабарлады және көрсетілген мерзім қолайлы ма, соны хабарлауды өтінді.

Сол сыяқты, Пассан өзінің хатында осы хаттың көшірмелерін АҚШ және Франция өкілдеріне жібергендігін хабарлады. 25 майда ССРО-ның Великобританиядағы Елшісі Я. А. Малик Пассанға мынадай жауап жолдады:

«Австриямен мемлекеттік доғовор жобасын әзірлеу жөнінде орынбасарлар кеңесін Лондонда 27 майда шақыруды ұсынған 11 майда жазған хатыңызды алғандығымды бекітіп, төмендегілерге назар аударуды қажет деп есептеймін:

Ең алдымен, Австрия доғоворы жөніндегі министрлер орынбасарлары кеңесінің төрт жақтың бірдей қандай да болса түпкілікті органы емес екендігін және мұндай кеңестерді шақыру Сырт-

қы істер министрлерінің қарауына жататындығын, оны тағайындау туралы 1945 жылы Потсдам конференциясында қарар қабылданғандығын еске түсіру қажет.

Австриямен доғовор туралы мәселе 1947 жылдан бастап, орынбасарлардың кеңестерінде бірнеше дүркін талқыланған, бірақ, совет жағының күш салуына қарамастан, келісімге келмеген болатын. 1947—1949 жылдарда орынбасарлардың бұл сыяқты кеңестері өткізілді, бірақ, олар тиісті нәтижелер берген алмады. Сол сыяқты, 1950 жылы болған орынбасарлар кеңесі де Австриямен доғовор жасасу жөніндегі мәселені шешуге жеткізбеді. Үш мемлекет өкілдері жақтаған позициялардың салдарынан 1953 жылдың февралында болған орынбасарлар кеңесі де жағдайды өзгерте алмады.

Осындай жағдайлар барда, ұсынылып отырған орынбасарлар кеңесі өткен кеңестерден артық ойдағыдай жеміс бергені деп есептеуге негіз жоқ.

Жазылған хатқа сәйкес, кәзіргі уақытта тиісті пікір алысулар арқылы бұл мәселені дипломатиялық жолмен талқылаған қолайлы болар еді деп есептеймін».

## Кореядағы оқушылар

### ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 25 май. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі 25 майда мынаны хабарлады:

Өткен күні Халық армиясы мен қытай халық еріктілерінің құрамалары орталық майданның екі ұастовінде жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізді.

Кеше түнде «В—29» американ бомбардировщиктері Оңтүстік Пхенан провинциясының Сончон уезіндегі селолық аудандарды айуандық бомбалауға ұшыратты.

Бүгін зенит болімдері дұшпанның төрт самолетін атып түсіріп, жеті самолетін зияндады.

## Кореяда уақытша бітім туралы келіссөздер КОРЕН-ҚЫТАЙ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ МАЗМҰНДАМАСЫ

ПЕКИН, 25 (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Кэсоннан келіссөздердегі корей-қытай делегациясы жариялаған мазмұндаманың төмендегі текстің халықаралық делегациялардың мәжілісі үшін келіссөздердің бұл түріне келісетіндігін атап көрсетті. Алайда, корей-қытай делегациясы екі жақтың қайсысы болса да өкімшілік кеңесті тоқтатуды қажет деп табысымен-ақ делегациялардың мәжілістері қайтадан дереу ашық кеңестің түріне айналуға тиіс екендігін мәлімдегісі келеді.

Мұнан кейін екі жақ өкімшілік кеңесті бастауды, соған кейін кеңестің

25 майда таңертеңгі сағат 11-де басқа жақтың өкілі бойынша жасалған 8 күндік үзілістен кейін, екі жақ делегацияларының мәжілісі қайта басталды. Бүгінгі мәжілісте басқа жақтың өкілі ең алдымен, екі жақтың бірдей бірнеше рет жасаған мәлімдемелері мен белгілі ұсыныстарын зерттегеннен кейін басқа жақтың жаңа ұсыныс іргізуге дайын екендігін атап өтті. Басқа жақ екі жақ



### И. ПАСЕЧНИК,

Мамлют асыл тұқымды мал совхозының аға механигі.

### Үлгілі әзірлік

«Сталин жолы» колхозының (Пренов ауданы) колхозшылары қоғамдық мал шаруашылығына арнап жемшөптің мол қорын жасауға қамқорлықты күшейте түсуде. Қоғамдық малды қыстық жемшөппен жеткілікті қамтамасыз етуді көздеп, олар шөп шабуға қызу әзірлік жүргізіп жатыр.

Колхозда шөп шабатын машиналар тез және сапалы жөндеуден өтуде. Шөп машиналарын жөндеуде колхозшылар еңбек үлгісін көрсетіп жүр. Бұл жөнінде ұстаздар К. Борлықбаев және Д. Термер жолдастар уақытпен сапалы еңбек етіп, жоғары көрсеткіштерге жетіп келеді.

### Қ. ӘУБӘКІРОВ.

Шөп шабуға әзірлік аудан МТС-терінде қанағаттанғысыз. Коновалов, Семипеткі МТС-тері бйылы қамтуындағы колхоздарға мал азығын дайындау жөнінде бірталай жұмыс істеуге тиіс. Алайда, бұл МТС-тер шөп шабу науқанына нашар әзірлік жүр-

туыры жанып, үстіндегі жылы әрбір колхозда жемшөптің тұрақты мол қорының жасалуын қамтамасыз етулері керек.

А. ЖОЛДЫҒАРИН,  
МАРЬЕВКА. (Өз тілшіміз).

### ҚОЙ БАСЫ КӨБЕЙЕ ТҮСУДЕ

Ленин атындағы колхозда (Копюхов ауданы) қоғамдық қойдың саны жылма-жыл арта түсуде. Мұнда қой фермасына жұмыс істеуге тәжірибелі шопандар бөлінген. Мысалы, шопан Г. Шрейнер жолдас осы фермада 4 жылдан бері жұмыс істейді. Ол қарамағындағы қойларды дұрыс жайып бағады. Сөйтіп, қойды жыл сайын шығынсыз, күйлі өсіріп жүр.

Шопандардың қажырлы еңбектерінің нәтижесінде әрбір 100 саулықтан 126 қозы алынды. Қазір колхозда бйылы алынған 730 қозы бар. Колхоз қой өсіру жоспарын осы күннің өзінде асыра орындады.

Жыл аяғына дейін 1950 қой болуға тиіс болса, қазір 2117 қой бар.

Шопандар қой қыркуға жақсы әзірлікпен кірісті. Осының арқасында олар қой қыркуды алғашқы күннен табысты жүргізуде. Қыркылған жүн қолма-қол есенке алынып, дайындау пунктіне жөнелтуге әзірленуде.

Қойлардың көпшілігі биязы жүнді. Колхоз бйылы жүнінен 100 мың сомдай пайда тапқалы отыр. Шопандар қойларды жақсы жайылымдарға бағып, оларды күйлі өсіру үшін күресуде.

### Б. ЖӘКЕНОВ.

### Бесінші бесжылдықтың озаттары

## Мамандықты меңгергендер

еді. Еңбек сүйіштігінің, жолдас-тарының көмегі арқасында ол бұл жұмысқа тез төселіп, өз ісінің шебері болып алды. Бұл күндері Анастасия мінсіз сапалы өнім шығару бригадасының бригадирі, әрі мастері болып істейді.

Михайленко басқаратын бригадада 35 адам бар. Бригада айлық жоспарды үнемі асыра орындайды. Фабрианың алдыңғы қатарлы еңбек озаттарын да осы Анастасия Михайленко басқаратын мінсіз сапалы өнім шығару бригадасынан табуға болады. Бригада мүшелері Фария Бекбаева, Валентина Устичева, Надежда Иванова және басқалары сменалық нормаларын күн сайын 150 проценттен орындап жүр.

Валентина Романованың № 1 агрегатта жұмыс істей бастағанына 5 айдай ғана болды. Әрине, осындай азғана уақыттың ішінде көп жаттығуды керек ететін тігіншілік жұмысын бірден меңгере қою оңай да емес еді. Алғашқы кезде ол ақауды көбірек жіберіп алатын. Сол себепті Валентина істің тетігін білу үшін тәжірибелі адамдардан ақыл сұрайтын.

Бұл кездегі оның ең жақын ақылысы да, тілектес досы да, тәрбие берер басшысы да Анастасия Михайленко болды. Өйткені, ол Валентинаға сағат сайын жұмыс үстінде көмек көрсетіп отыратын.

Анастасия оған өзінің осы фабрикаға келіп, жұмыс істей бастаған күндерінде тәжірибесінің аздығынан кездескен кейбір сәтсіздіктерді, оны жеңудегі еңбектерін айтып, тігіншілік жұмысын мең-

геретініне Валентинаны да өзіндей сендіріп отыратын. Анастасия бригаданың басқа мүшелеріне қалжыңдап: түбінде бәріңнен Валентина озады, өйткені, ол өз жұмысына сондай ұқыпты, берілген тапсырманы үлкен жауапкершілікпен орындайды, дейтін. Міне, Анастасияның сол айтқаны келді. Валентина аз уақыттың ішінде-ақ өзінің сүйген жұмысы — тігіншіліктегі меңгеріп, сменалық нормасын 140—150 проценттен орындауға жетісті. Өнімінің сапасын да жақсартты. Қазір ол цехтағы тандаулылардың бірі.

— Ол кезде еске түсірсен тіпті қызық, — дейді Валентина алғашқы рет фабрикаға келіп, жұмысқа орналасқан күндері туралы.

— Тігіншілік мамандығын таңдап алғаным, сол күндері өңірдім де, кеттім де келді. Тігінші болып, сменалық норма орындау маған жеңбесқағамал сыяқты болып көрінген еді. Комсомол комитетінің секретары Нестеренко жолдас пен мастер Анастасия Михайловна менің ол пікірімнің дұрыс еместігін айтып, қажырлы еңбек етуіме кеңес беріп, жұмыс үстінде көмектесіп отырды. Олардың достық ақылы маған көп әсер етті. Мен қандай жұмыста болсын қыйыншылықтың кездесіп отыратынын, оны шыдамдылықпен ерінбей еңбек еткен уақытқа ғана жең алатынымды бірте-бірте түсіне бастадым. Қуаныш шартығына бөлеген алтын бесік — Отанымның көркегі жолында еселенген қарқынмен еңбек етіп, оған өз үлесімді қосуды үлкен бақыт деп санадым.

Еңбек орта мектебінің мұғалимасы.

### Электриктердің екінші жеңісі

25 май күні «Динамо» стадионында қалалық кубокке ие болу жарысындағы жартылай финал ойынында «Электрик» және «Звезда» командалары кездесті.

Ойын звездальықтардың шабуылымен басталды. Ойынның бірінші жартысының өзінде ақ электриктер инициативаны өз қолдарына алып, есеп ашты. Ойынның бірінші таймы 1:0 болып бітті.

Ойынның екінші жартысында «Звезда» командасының ойыншылары есепті теңестірді. Бірақ, электриктер тағы бір доп өткізіп, есепті ұлғайтты.

Сөйтіп, ойын 2:1 есебімен «Электрик» командасының пайдасына шешілді. Бұл — электриктердің екінші жеңісі.

Осы № 1 агрегаттағы өндіріс озаттарының бірі Хуснутдинова Роза жолдас. Ол еңі адамның жұмысын істеп, күндік нормасын 200 проценттен орындайды. Осы игі еңбегі үшін Роза дирекциядан талай рет бағалы сыйлықтар алды. Құрмет тақтасына жазылды. Агрегат коллективі оны құрметтейді, «біздің екіжүзшіміз» деп атайды.

Анастасия Михайловна агрегаттың күндізгі сменасын басқарса, Мария Ющенко түнгі сменаны басқарады. Мария басқарған мінсіз сапалы өнім шығару бригадасында да еңбек озаттары көптеп саналады. Осы бригададағы екіжүзшілер Капинева мен Агабова-ның есімдері қала жұртшылығына көптен мәлім.

Екі бригада да өткен тоқсанның жоспарын 120—130 процент орындап, мінсіз сапалы өнім берді. Жақында екі бригаданың да көптеген тігіншілері курорттар мен демалыс үйлерінде болып, тынығып қайтты. Қазір олар жаңа күш, жаңа жігермен май айғын жоспарын асыра орындау жолында қажырлы еңбек етуде.

Олардың мақсаты — айлық қана емес, жылдық тапсырманы асыра орындау. Міне, сондықтан да олар тағы да көтеріңкі міндеттеме алды. Онда жылдық тапсырманы данышпан көсеміміз И. В. Сталин жолдасының туған күні — 21 декабрьге дейін орындаймыз десті.

Біздің елде серт берілсе, ол сөзсіз орындалады. Бұл совет адамдарының қасиетті дәстүріне айналды. Міне, осындай қасиет қаладағы «Комсомолка» тігін фабрикасының тігіншілеріне де тән іс.

### М. НҮРНЕЙСОВ.

бірдей мәселелерді еркін талқылау үшін екі делегацияның әкімшілік кеңеске дереу кірісуін ұсынды.

Корей-қытай делегациясының бас-

соңында басқа жақтың жүргізген ұсынысы бойынша 6 күнге, 1 июнде таңертеңгі сағат 11-ге дейін үзіліс жасауды ұйғарды.

### СОВЕТ ТЕҢІЗШІЛЕРІНІҢ ШВЕД КЕМЕЛЕРІНЕ КӨМЕГІ

СТОКГОЛЬМ, 23 май. (СОТА). Швед баспасөзі Ақтеңіз аудағында мұздардың қоршауында қалған Швецияның сауда кемелеріне совет теңізшілерінің тез және батыл түрде көрсеткен көмегін қанағаттанғандықпен атап көрсетуде.

Швецияның «Хедера», «Норма» және «Тритон» үш сауда кемелері Архан-

гельскіден 150 теңіз милінде жерде бір апта бойы көшіп жүрген мұздардың ортасында қалды.

Совет мұз жарғыш кемелерінің ойдағыдай мұздап құтқарып алған Швецияның сауда кемелері кәзір Архангельскіге баратын жолдың үстінде келе жатыр.

### ЖАПОНИЯДА ТҮРУШЫ КӨРЕЙЛІКТЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ

ШАНХАЙ, 21 май. (СОТА). Киодо Цусим агенттігінің хабарына қарағанда, бүгін Токиода Жапонияда тұрушы көп мыңдаған корейліктердің митингісі болған. Митингіге қатысушылар Корейдағы соғысты дереу тоқтатуды талап еткен.

Жапониядағы корейліктердің Біртұтас демократияшыл майданының мүшесі

болып табылатын митингіге қатысушылар қарар қабылдап, кәзіргі уақытта Жапония мен Оңтүстік Корея арасында жүргізіліп жатқан келіссөздерді тоқтатуға шақырған және Кореяға ұлттық хитупсиадігінің жапон корпусының солдаттарып жіберуге наразылық білдірген.

### АФГАНСТАНДА БАҒАНЫҢ ҚЫМБАТТАУЫ

КАБУЛ, 24 май. (СОТА). «Анис» газетінің хабарына қарағанда, соңғы

күндерде Кабулда еттің бағасы 30—40 процент көтерілген.

Редактор **Г. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

## Киноларда

### «УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

#### «ЖӘРМЕНКЕДЕГІ ОҚЫЙҒА»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

### «ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

#### «АДМИРАЛ УШАКОВ»

Сеанстар сағат 4-6-8-де басталады.

### «Казиникторгтың»

Солтүстік Қазақстан облысындағы бөлімшесі, бұрын пайдаланылған оқулықтарды сатып алады.

Бұл жөнінде Ленин көшесі, 26-үйдегі мекеме бөлімшесіне және мектептердегі арнаулы оқилдерге келіп жолығуға болады.

Петропавл қаласы, депоның № 6 жатақханасы, 12-пәтерде тұрушы Валентина Ивановна Часовитина Петропавл қаласы, жол қатынас министрлігінің 123-үйіндегі 20-пәтерде тұрушы Анатолий Антонович Часовитиннен айрылатыны жөнінде арыз берді. Іс Петропавл қаласындағы 3-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петрепев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33,

партия және ауылшаруашылық бөлімдері—2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39, Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе— 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.